

**Оқылым**

**10-сынып**

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Көне грек мысалшысы Эзоп философ Ксанфтың құлы болған. Олар біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген. Бірде Ксанф үйіне қонақ шақырады және Эзопқа 2 түрлі тамақ пісіруді тапсырады. Эзоп I күні тәтті тамақ, II күні ең жаман тамақ пісіруге тиіс болды.

Эзоп бірінші күні тілден 3 түрлі тамақ пісіреді. Екінші күнгі тамақ тағы да тілден дайындалады.

Қонақтар екінші күні таңғалады. Эзоптан қонақтар: «Сен неге тек тілден дайындайсың?» - деп сұрапты. Эзоп былай жауап беріпті.

Маған ең жақсы тамақ пісіруге бұйрық болды. Тілден жақсы не бар? Тіл арқылы білім аламыз. Тіл арқылы бір-бірімізбен сөйлесеміз, амандасамыз, татуласамыз, достасамыз, қуантамыз. Тілдің көмегімен қалалар салынады, мәдениет, ғылым дамиды. Тілден жақсы ештеңе жоқ.

Маған ең жаман тамақ пісіру тапсырылды. Ал тілден жаман не бар? Тілмен біз бір-бірімізді алдаймыз, ренжітеміз, ұрсысамыз, таласамыз, дауласамыз. Тіл адамдарды жауластырады, қалаларды бұзады, мемлекеттерді құлатады. Бізге қайғы әкеледі. Тілден жаман ештеңе жоқ.

**1. Мәтінге сәйкес ойды белгілеңіз.**

- А) Тілсіз сенің күнің жоқ.
- Ә) Ең тәтті де, ащы да – тіл.
- Б) Тәрбие басы – тіл.
- В) Тілі жоғалған жұрттың өзі жоғалады.

**2. Ксанф қандай адам?**

- а) ашық ауыз, жуас, сөзшең
- ә) тапқыр, ақылды, дана
- б) тұйық, қыңыр, ақылды
- в) сараң, қу, тапқыр

**3. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

- а) Құлаққа кірген суық сөз, көңіліңе барып мұз болар.
- ә) Тіл - достықтың алтын көпірі.
- б) Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады.
- в) Жақсы тауып айтар, жаман қауып айтар.

**4. Мәтіндегі синонимдерді табыңыз.**

- а) алдаймыз, ұрсысамыз
- ә) сөйлесеміз, амандасамыз
- б) татуласамыз, достасамыз
- в) жақсы, жаман

**5. Мәтіннің тақырыбы не?**

- а) қонақжайлылық
- ә) құлық
- б) тіл құдіреті
- в) шешендік

**2-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.**

	<b>Б</b>
<b>6</b>	
<b>7</b>	
<b>8</b>	
<b>9</b>	
<b>10</b>	

### Ең қымбат жеміс

**А)** Үш ұлы алтын салынған үш қапшықты арқалап алып, ең қымбат жемісті іздеуге аттанып кетеді.

Үш жылдан соң үшеуі де әкесіне оралады.

**Ә)** Бұл сөзді естігенде, әкесінің қуанышы қойнына сыймайды.

– Сен маған ең қымбат жеміс әкелдің, ұлым! Сенімімді ақтап, өзінді сыйлауға тұрарлық балам болдың. Жер бетінде білімнен асыл жеміс жоқ, - дейді оған.

**Б)** Бір адамның үш ұлы болыпты. Бір күні ол балаларын шақырып алады да:

– Мен сендердің әрқайсына бір - бір қап алтын беремін. Жолға шығындар да, ел кезіп, ең қымбат деген жемісті тауып әкеліндер. Кімде-кім жеміс асылын алып келсе, мен байлығымды соған беремін, – дейді.

**В)** – Ал сен не жеміс әкелдің? Қолыңда еш нәрсе көрінбейді ғой.

– Дұрыс айтасың, әке, мен құр қол қайттым. Өзің берген ақшанды қымбат жемістер сатып алуға жұмсамадым. Мен оқуға түстім, онда оқытушылар мен кітаптардан үш жыл сабақ алдым. Бірақ мен жинаған жемістер көзге көрінбейді, неге десеңіз, олар жүрегім мен ойыма ұялады. Ең қымбат жеміс осы ғой деген тиянақты тұжырымға келдім, әке, - дейді.

**Г)** – Әке, мен де өзімше ең қымбат, ең сирек кездесетін жеміс таптым деп ойлаймын. Оңтүстік елдерге барып, біздің жақта өспейтін әрі сирек кездесетін жемістер сатып алдым. Мен саған кокос жаңғағын, шабдалы, құрма шырынын, тағы басқа жеміс түрлерін алып келдім. Ұнағанын таңдап жеңіз, – деп әкесіне ұсынады.

– Сен дұрыс істепсің, ұлым, мұның бәрі жақсы жемістер. Ішінен бірін таңдап алармын, - дейді әкесі. Енді ол кенже ұлына бұрылып:

**Ғ)** – Кәне, ең қымбат жемісті таптың ба? – деп әкесі үлкен ұлына қарайды.

– Әкелдім, әке, бұл шынында да ең асыл, ең дәмді жеміс. Мен саған жүзім әкелдім. Жер бетінде өсетін жемістердің ең асылы – жүзім.

– Жақсы жеміс әкеліпсің, ұлым, - дейді әкесі. – Ал сен қандай жеміс әкелдің? – деп, ортаншы баласына қарайды.

### Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:

#### 11. Балалардың қайсысы құр қол қайтты?

а) біріншісі

ә) екіншісі

б) бәрі

в) үшіншісі

**12. Мәтін ненің пайдасы туралы?**

- а) жемістердің
- ә) саяхаттың
- б) білімнің
- в) шындықтың

**13. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

- а) Алтын алма, білім ал.
- ә) Өмірдің өзі — ұлы ұстаз.
- б) Ерінбеген елге жетеді.
- в) Әділ айтқан жеңер.

**14. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

- а) Алтын, қап, ұл, қымбат
- ә) Өмір, дәмді, жеміс, асыл
- б) Жүзім, шабдалы, құрма, байлық
- в) Асыл жеміс, оқу, білім, сенім.

**15. Мәтінде жауабы бар сұрақты көрсетіңіз.**

- а) Жүзімнің пайдасы неде?
- ә) Ең қымбат жеміс не?
- б) Балалардың алтыны қалды ма?
- в) Балалар қай елдерге барды?

**3-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Ертеде бір хан жауқазын гүлінің көктемде қалай ашылатынын көрсете алған адамға жарты патшалығын бермек болып, жар салдырыпты.

Адамдар күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылыпты. Ешкім де жауқазын гүлінің балбырап ашылған сәтін көрсете алмапты.

Хан патшалығында жас жұбайлар кішкентай сәбиін көтеріп, көздің жауын алып, қып – қызыл, сап – сары болып тауда өсіп тұрған гүлдердің жанына барыпты. Бала келген бетте – ақ құлпырған алқапты көріп, таңғы шықтай мөлдір күлкісімен рахаттана күліпті.

Сәби күлкісінен жауқазын гүлдері әп – сәтте түп – түгел жайқала ашылып, төңіректі кілемдей құлпыртып жіберіпті.

**16. «жауқазын» сөзінің аудармасын табыңыз.**

- а) роза

ә) подснежник

б) шафран

в) гвоздика

**17. Баланың мінезі қандай болады?**

а) ашық, өткір, қатал, сараң

ә) ашық, ерке, пәк, ойнақы

б) шығармашыл, кәсіпкер, мейірімді, ұқыпты

в) іскер, жауапты, адал, еңбекқор

**18. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

а) Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры.

ә) Бала тілі бал.

б) Балалы үй базар,

Баласыз үй қу мазар.

в) Ойнақтаған бала от басады.

**19. Мәтіндегі негізгі ойды көрсетіңіз.**

а) Гүлдер – өмірдің сәні.

ә) Бала күлкісінің құдіреті мол.

б) Күлкі өмір ұзартады.

в) Күлме досыңа, келер басыңа.

**20. Мәтінде қазақтың қандай ұлттық қасиеті туралы айтылған?**

а) еңбекқорлық

ә) балажандылық

б) кеңпейілділік

в) бауырмалдық